

С. А. Асамаев, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты, экология магистрі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

«Экология және тұрақты даму» пәнінен оқу-әдістемелік кешен жасау және оны оқу үдерісінде қолдану ерекшеліктері

Аннотация. ХХІ ғасырдың азаматтарын қалыптастыруда және аса күрделі шиеленіскен әлеуметтік жағдайда экология білімінің берері мол. Сондықтанда жоғары оқу орындарында экология пәнін оқыту, азаматтардың экологиялық санасын, экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды мәселе болып отыр. Адамзат қоғамының табиғатпен қарым-қатынасы қазіргі заманның ең маңызды проблемаларының біріне айналды. Бұл мақалада «Экология және тұрақты даму» пәнінен оқу-әдістемелік кешен жасау және оны оқу үдерісінде қолдану ерекшеліктері көрсетіледі.

Түйін сөздер: экология және тұрақты даму, пәннің оқу-әдістемелік кешені, экологиялық білім беру.

Адам жерде пайда болған кезден бастап оның биосфераға тигізетін әсері үнемі үдеп отырды. Бірақ тек индустриалдық қоғам және демографиялық жарылыс жағдайында ғана адам әрекетінің жағымсыз зардаптары ғаламдық сипатқа ие болды. Қоршаған орта бұған дейін ешқашан байқалмаған қарқынмен ластанып жатыр. Энергетикалық және минералдық ресурстардың сарқылу үрдісі байқала бастады. Антропогендік әрекеттің сан алуан түрлері жануарлар мен өсімдіктердің көптеген түрлерінің тікелей немесе жанама түрде жойылуына әкеліп соқты. Табиғи ортаның химиялық ластануы, радиациялық жағдай, азық-түлік пен ауыз судың сапасының нашарлауы және т. б. халықтың денсаулығының нашарлауына әкеліп соқты. Бірқатар ғаламдық экологиялық проблемалар пайда болды: жылыжай эффектісі, озон қабатының жұқаруы, Әлемдік мұхиттың ластануы, шөлдену және т. б. Экономиканың экстенсивті дамуына байланысты экологиялық жағдай Қазақстанда да күрт нашарлады. Арал экожүйесінің бұзылуы, Каспий маңында және Шығыс Қазақстандағы қолайсыз экологиялық жағдай, Семей сынақ алаңына іргелес жатқан территориялар, топырақтың құнарсыздануы және т. б.

Бірқатар уақытқа дейін, Ле-Шателье принципіне сәйкес, адамның қоршаған ортаға әсері биосферадағы өтіп жатқан процестер нәтижесінде жұмсартылып келді. Бірақ қазіргі кезде антропогендік өзгерістер планетаның барлық дерлік экожүйелерінен байқалады, атмосфераның газдық құрамы, жердің энергетикалық балансы өзгерді. Бұл адамның әрекеті табиғатпен қарама-қайшылыққа түсіп, «биосфера — адамзат» жүйесі барған сайын тепе-теңдік күйден ауытқып бара жатыр деген сөз, нәтижесінде әлемнің көптеген аймақтарында табиғаттың динамикалық тепе-теңдігі бұзылды. Барлығы жинала келіп қазіргі биосфераның жағдайының нашарлауына, адамның денсаулығы мен рухани дүниесінің бұзылуына себепші болады. Мәселені табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіру нәтижесінде шешуге болар еді, бірақ бұл өте күрделі, әлемде теңдесі жоқ қиын мәселе, ол 1992 жылы Рио-де-Жанейрода күн тәртібіне қойылып, сонда Тұрақты даму тұжырымдамасына қол қойылып, бекітілді. Ғаламдық «қоғам — табиғат» жүйесіндегі тұрақты даму — әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік-экологиялық жүйелерде динамикалық тепе-теңдікті сақтау болып табылады. Адамзат осыны неғұрлым ертерек түсініп осы жолға түссе, оның Жер бетінде тірі қалу мүмкіншілігінде соғұрлым жоғары болмақ. Бұл жолда мазмұны мен болмысы әрбір жеке тұлғаның экологиялық дүниетанымын қалыптастыру болып табылатын экологиялық сауаттылық шешуші рөлге ие болады және оның негізін «Экология және тұрақты даму» пәні құрайды. Курстың негізгі мақсаты — табиғаттың және қоғамның тұрақты дамуының негізгі заңдылықтары туралы біртұтас түсінік

қалыптастыру. Болашақ мамандар өздерінің кәсіптік білімдері мен дағдыларын шаруашылық қызмет әсерінен туып, күрделеніп жатқан экологиялық мәселелерді шешуде және болжауда жемісті пайдалана алады [i].

Пәнді оқытудың мақсатына:

– организмдердің бір-бірімен қарым-қатынастары мен қоршаған табиғи ортасын түсіндіру;

– биоценоз, экожүйелердегі уақыт пен кеңістікке байланысты туындайтын өзгерістерді қарастыру;

– табиғат ресурстар, оны тиімді пайдалану және оны қорғаудың ғылыми-теориялық негіздерін сараптау;

– адам, қоғам, табиғат арасындағы гормониялық байланыстарды реттеу;

– биосфера шегіндегі географиялық заңдылықтардың тұрақтылығын сақтауды қамсыздандыру бағытын қарастыру;

– биосферадағы тіршілікті қалыпты сақтауды ғалымдық нооэкологиялық деңгейге көтеру жолын түсіндіру;

– курсанттарға экологиялық білім мен тәрбие беру және олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру;

– экологиялық қауіпсіздікті сақтау жолдарын қарастыру;

– курсанттарға қоршаған ортаға және өз денсаулығына ұқыптылықпен қарау сезімін қалыптастыру. Мұндай көзқарас болашақ жоғары білімді мамандардың экологиялық тұрғыдан сауатты шешімдер қабылдап, сол арқылы биосфераның тұрақты дамуына көмектесуіне септігін тигізеді. Курстың негізгі мақсаты — табиғаттың және қоғамның тұрақты дамуының негізгі заңдылықтары туралы біртұтас түсінік қалыптастыру.

Пәнді меңгеру барысында келесі білім беру технологиялары қолданылады: ақпараттық-баяндамалық дәрістер, аралық бақылау, КӨЖ және КООЖ жазу, интерактивті әдістер: визуализациялық дәрістер, баяндама-презентацияларды дайындау, мәселелі жағдайларды талдау.

Курсанттарға экологиялық білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. «Экология және тұрақты даму» пәнінен курсанттарға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені оқу-шығармашылық үрдісінің ұйымдастыру әдістемелікпен қамтамасыз етілуінің негізі болып табылады.

Пәннің оқу-әдістемелік кешенін (ПОӘК) құрастыру және пайдалану келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

– білім бағдарламасының логикалық пәнаралық байланысын жүзеге асыру;

– оқу уақытын сабақтардың тақырыптары мен түрлеріне қарай бөлу;

– аудиторияда және аудиториядан тыс курсанттардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру;

– курсанттардың танымдық және шығармашылық қызметін белсендіру;

– оқу және зерттеу үдерісінің өзара байланысын қамтамасыз ету.

«Экология және тұрақты даму» пәнінің оқу-әдістемелік кешеніне мыналар енеді:

1. Пәннің типтік оқу бағдарламасы (міндетті компонентті пән).

2. Оқытушыларға арналған пәннің жұмыс оқу бағдарламасы.

3. Курсанттарға арналған пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus).

4. Пәннің оқу-әдістемелік картасымен қамтамасыз етілуі.

5. Дәріс кешені (дәріс тезистері, иллюстративтік және үлестірме материалдары).

6. Семинарлық (практикалық) сабақтардың жоспары.

7. Пәннің оқытылуы бойынша әдістемелік ұсынысы.

8. Типтік есептерді, есептік — графикалық, зертханалық және курстық жұмыстарды т. б. орындауға арналған әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар.

9. Курсанттардың өзіндік жұмысының материалдары: әр тақырып бойынша өзін-өзі бақылаудың материалдары, ағымдық жұмыстар түрі бойынша тапсырмалардың орындалуы, еңбек көлемі және әдебиеті көрсетілген рефераттар.

10. Курсанттардың оқу бағасының жетістіктері және бақылау бойынша материалдары (жазбаша бақылау жұмыстары, тест тапсырмалары, өз бетінше дайындалуға арналған сұрақтар тізімі, емтихан билеттері және т. б.).

11. Арнайы аудиториялар, кабинеттер және зертханалар тізімі.

Заман талабына сай курсанттарды сапалы білім беруде оқу-әдістемелік кешендерді сабақта пайдалану — оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар оқу-әдістемелік кешендерді сабақта пайдалану кезінде курсанттар бұрынғы алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен практикалық тапсырмаларды орындайды. Әрбір курсант таңдалған тақырып бойынша қажетті материалдармен танысып, практикалық, өздік жұмыстарды орындап білімдерін ұштай алады. Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына енетін әрбір құралдың өзіндік орны мен маңызы бар. Оқу-әдістемелік кешенді оқу үрдісінде тиімді пайдалану курсанттардың білім сапасын көтеруге мүмкіндік беретіндігіне сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

і. Колумбаева С. Ж., Білдебаева Р. М., Шәріпова М. Ә. Экология және тұрақты даму: Оқу құралы. — Алматы, 2012.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы составления учебно-методического комплекса по дисциплине «Экология и устойчивое развитие» и особенности его использования в учебном процессе.

Resume

The given article considers the issues of compiling an educational and methodical complex on «Ecology and sustained development» and the peculiarities of its implementation in educational proses.